

Райымбек ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі мен схемаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Райымбек ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 25 тамыздағы № 321 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 25 қыркүйекте № 3443 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 28 ақпандағы № 41 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек ауданы әкімдігінің 28.02.2017 № 41 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 3-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес, Райымбек ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Райымбек ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі осы қаулының № 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Райымбек ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемалары осы қаулының № 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.
3. "Райымбек ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Таударбекова Рысалды Абдикеримовнаға осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудан әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Байдилов Талғат Ескендірұлына жүктелсін.
5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Тажиев

Райымбек ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 28 шілдедегі №370 қаулысымен бекітілген
№ 1 қосымша

Райымбек ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Райымбек ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың осы тәртібі (бұдан әрі-Тәртіп) "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 шілдедегі № 767 қаулысымен бекітілген Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасына (бұдан әрі - Қағида) сәйкес әзірленген.

2. Балаларды тасымалдау тәртібі

2. Балаларды тасымалдау Қағиданың талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен және әрбір балаға отыратын жеке орын беріле отырып жүзеге асырылады.

3. Балаларды тасымалдау үшін бөлінген автобустардың техникалық жай-күйі, техникалық қызмет көрсету өткізу дің көлемдері мен мерзімдері, жабдықтары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптарға жауап беруі тиіс.

4. Автобуспен тасымалданатын балалар мен ересектердің жалпы саны осы көлік құралы үшін белгіленген және отыру үшін жабдықталған орындардың санынан аспайды.

5. Балаларды тасымалдау бойынша қызмет көрсетуге тапсырыс беруші (бұдан әрі-тапсырыс беруші) балаларды арнайы тасымалдауды ұйымдастыруға жауапты заңды немесе жеке тұлғалар болуы мүмкін.

6. Тапсырыс беруші сондай-ақ оларға ұқсас қызмет көрсету мүмкіндігі ұсынылған жағдайда тасымалдаушының функцияларын дербес орындейды.

Бұл жағдайда тапсырыс беруші Қағиданың тасымалдаушыларға қатысты талаптарын орындейды.

7. Автобустармен балаларды тасымалдауды балаларды тасымалдау бойынша қызмет көрсетуге тапсырыс берушінің жазбаша өтінімдері негізінде тасымалдаушылар жүзеге асырады.

8. Өтінімде балаларды тасымалдау күні (күндері), уақыты, олардың саны мен жасы, жол журу маршруты (бастапқы, соңғы және аралық пунктілер), отырғызу және түсіру орындары, тегі, аты, әкесінің аты және балалардың тасымалдауын ұйымдастыруға жауаптының лауазымы және әрбір автобус бойынша еріп жүретін ересек көрсетіледі.

Тапсырыс беруші меншікті көлігін тапсырылған автобустарға қосымша бөлу

жағдайында тасымалдауға арналған көлік бірлігінің бөлінетін саны көрсетіледі.

Өтінімге тапсырыс беруші үйымның басшысы немесе оның орынбасары қол қояды.

9. Тапсырыс беруші тасымалдауды орындау алдында бұйрықпен балалардың тасымалдауын үйимдастыру туралы шешімді ресімдейді, онда лауазымды адамдардың, топтар басшыларының, бірге еріп жүрушілердің міндеттерін, маршрутын, мезгілдерін, дайындау және жол жүруді өткізу тәртібін, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды регламенттейді.

10. Оқу орындарына тасымалдауды үйимдастыру кезінде тасымалдаушы жергілікті атқарушы органдармен және оқу орындарының әкімшілігімен бірлесіп маршруттарды және балаларды отырғызудың және түсірудің ұтымды орындарын белгілейді.

11. Автобусты күтіп тұрған балаларға арналған алаңшалар, олардың жүріс бөлігіне шығуын болдырмайтында жеткілікті үлкен болуы тиіс.

Аландарда жайластырылған өту жолдары болады және жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерінен бөлек орналасады.

Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қараңғы мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

Күзгі-қысқы кезеңде аландар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

12. Балаларды оқу орындарына тасымалдауға тапсырыс беруші балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты тұрде (айна кемінде бір рет) тексереді.

13. Балалардың топтарын 22.00-ден бастап 06.00 сағатқа дейін автобустармен тасымалдауға, сондай-ақ көрінім жеткіліксіз жағдайда (тұман, қар жауған, жаңбыр) жол берілмейді.

Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда тасымалдаушы рейсті алып тастауға және бұл туралы тапсырыс берушіге дереу хабарлауға тиіс.

14. Автобустардың қозғалыс кестесін тасымалдаушы мен тапсырыс беруші келіседі.

Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде (қозалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуши кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетілген болуы тиіс. Кестенің өзгеруі туралы тасымалдаушы тапсырыс берушіге хабарлайды, ол балаларды дер кезінде хабарландыру бойынша шаралар қабылдайды.

15. Тапсырыс беруші балаларды тасымалдайтын әрбір автобусқа балалармен оларды жеткізу орнына дейін алып жүретін, тапсырыс беруші-ұйым қызметкерлерінің немесе ата-аналарының ішінен жауаптыларды белгілейді (мектепке, өзге білім беру ұйымдарына балаларды тұрақты тасымалдауды жүзеге асырған кезде жауапты ретінде еріп жүрушілер үшін арнайы нұсқама алған жоғары сиып оқушыларын (16 жастан жоғары) белгілеуге жол беріледі).

16. Балаларды жаппай тасымалдау және балаларды алыс қашықтықтарға тасымалдау тасымалдаушы, балаларды оқытушылар немесе арнайы тағайындалған ересек адамдар (15 балаға бір ересек адам) алып барған жағдайда орындалады.

17. Балаларды жаппай тасымалдауды жүзеге асыру кезінде тасымалдаушы тапсырыс берушіден патрульдік автомобилді лектерге ілесіп жүргүре бөлу туралы жол полициясы органдарының міндettі белгілеу бар жазбаша өтінімді ұсынады. Аталған белгісіз автобустар тапсырыс берушіге ұсынылмайды. Өз кезегінде тасымалдаушы балаларды жаппай тасымалдауды жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ маршруттың қозғалысын бақылауды күшету бойынша шаралар қолдану үшін жол полициясы органдарын хабардар етеді.

18. Балаларды жаппай тасымалдауға және алыс жерлерге балаларды тасымалдауға дайындық кезінде тасымалдаушы тапсырыс берушімен бірлесіп балалардың жиналу пунктінде және келу пунктінде автобустардың аялдауы үшін алаңшалардың болуын, отырғызу алаңшаларының болуын тексереді. Отырғызу және түсіру орындары автобус тұрағынан кемінде қашықтықта орналасады.

19. Балаларды жаппай тасымалдау үшін автобустарды бөлу кезінде тасымалдаушы лектердің (үш және одан да көп автобус кезінде көлік құралдарының қозғалыс қауіпсіздігіне немесе пайдалануға жауапты адамдардың санынан, ал екі автобус кезінде – осы автобустардың жүргізушілерінің санынан; үлкені болып тағайындалған жүргізушінің автобустарда кемінде 5 жыл жұмыс етілі) үлкенін тағайындейді.

20. Балаларды алып жүруі үшін тапсырыс беруші белгілеген адамдар балаларды автобуспен тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша арнайы нұсқама алады.

21. Нұсқаманы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге немесе тасымалдаушыға тиесілі көлік құралдарын пайдалануға жауапты адам жүргізеді.

22. Балалардың тұрақты тасымалдауын жүзеге асыру кезінде тапсырыс беруші мынадай мәселелер кіретін, арнайы бағдарлама бойынша балалармен тұрақты сабактар өткізууді ұйымдастырады:

- 1) жиналу орындарында және автобусты күту уақытында қауіпсіздік тәртібінің ережелері туралы;
- 2) отырғызу және автобустан түсіру тәртібі туралы;

3) автобустың қозғалу уақытындағы және аялдауы кезіндегі тәртіп ережелері туралы;

4) тасымалдау кезінде қауіпті немесе төтенше жағдайлар туындағандағы тәртіп туралы;

5) зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсете тәсілдері туралы (ересек балалармен сабақ өткізу кезінде).

Сабақты өткізу кезінде жол қозғалысы процесінде және тасымалдау уақытында туындағының іс жүзіндегі жағдайларды талқылау үшін көрнекті құралдарды пайдалану көзделуі тиіс.

23. Балаларды тасымалдау үшін мынадай жүргізушилерге рұқсат етіледі:

1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуши қуәлігі және жүргізушиңің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;

2) автобустың жүргізушиңі ретіндегі кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар;

3) соңғы жылдары еңбек тәртібін және қозғалысы ережесін өрескел бұзбаған.

Балаларды тасымалдауға жіберген ұйымдағы жүргізушиңің жұмыс өтілі үш жылдан кем болмауы тиіс.

Сыйымдылығы 41 орынды автобустармен балаларды тасымалдауға тағайындалған, сондай-ақ қалааралық қатынастағы балаларды басқа да тасымалдаудағы жүргізушилердің автобустардағы жұмыс өтілі кемінде 5 жыл болуы тиіс.

24. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушиіне мыналарға тыйым салынады:

1) сағатына артық жылдамдықпен жүргүре;

2) жүру маршрутын өзгертуге;

3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, багажды немесе мұкәммалды тасымалдауға;

4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;

5) автомобиль легінде жүру кезінде алда жүрген автобусты басып озуға;

6) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;

7) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуши жок болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.

25. Балаларды тасымалдауды жүзеге асыратын жүргізушилер балаларды отырғызу (түсіру) және бағыт бойынша қозғалу кезінде автобус бойынша еріп жүрушілердің нұсқауларын орындаиды, егер олар Жол қозғалысы ережелеріне, Қағида талаптарына, жол қозғалысы қауіпсіздігінің өзге де талаптарына қайшы келмесе және егер осы нұсқаулар еріп жүрушілердің құзынеті аясына кіретін

болса (балалардың тәртібі, олардың денсаулығы және қауіпсіздігі).

26. Еріп жүрушілер автобусқа отырғызу және одан тұсіру, автобус қозғалысы кезінде, аялдау уақытында балалар арасында тиісті тәртіпті қамтамасыз етеді.

27. Балаларды автобусқа отырғызу еріп жүрушінің басшылығымен және жүргізушінің бақылауымен (жаппай тасымалдаған кезде одан басқа тасымалдауды үйимдастыруға жауаптының байқауымен) автобус толық тоқтағаннан кейін отырғызу алаңында жүргізіледі.

Көлік құралы жақындаған кезде еріп жүрушілер балалардың оның алдынан жүгіріп шығуына, жүру бөлігінің шетінде топтануына жол бермейді.

28. Еріп жүрушілер балаларды отырғызу орнына үйимдасқан тәртіpte (кіші балаларды – екі-екіден сапқа тұрғызып) жеткізеді. Отырғызу автобустың алдыңғы есігі арқылы жүргізіледі.


29. Еріп жүруші отырғызу (тұсіру) аяқталғаны туралы хабар бергеннен және автобус есіктері толық жабылғаннан кейін жүргізушіге отырғызу (тұсіру) орнынан автобус қозғалысын бастауға рұқсат етіледі.

3. Қорытынды

30. Осы шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау тәртібімен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес реттелінеді. Райымбек ауданы әкімдігінің


Райымбек ауданы әкімдігінің 2015 жылғы "25" тамыз № 321 қаулысымен бекітілген № 2 қосымша

Ақбейіт шалғайдағы елді мекенінде тұратын балаларды Сарыжаз орта мектебіне тасымалдау схемасы.




Райымбек ауданы экімдігінің 2015 жылғы "25" тамыз № 321 қаулысымен бекітілген № 3 қосымша

Алғабас шалғайдағы елді мекенінде тұратын балаларды Ұ. Бағаев атындағы орта мектебіне тасымалдау схемасы.




Райымбек ауданы экімдігінің 2015 жылғы "25" тамыз № 321 қаулысымен бекітілген № 4 қосымша

Қостөбе шалғайдағы елді мекенінде тұратын балаларды О.Жандосов атындағы орта мектебіне тасымалдау схемасы.




Райымбек ауданы экімдігінің 2015 жылғы "25" тамыз № 321 қаулысымен бекітілген № 5 қосымша

**Көкпияз, Кіші Қарқара шалғайдағы елді мекенінде тұратын балаларды
І.Жұмағұлов атындағы орта мектебіне тасымалдау схемасы.**




Райымбек ауданы әкімдігінің 2015 жылғы "25" тамыз № 321 қаулысымен бекітілген № 6 қосымша

**Мойнақ, Қолтықбастау шалғайдағы елді мекенінде тұратын балаларды
М.Орманов атындағы орта мектебіне тасымалдау схемасы.**



Райымбек ауданы әкімдігінің 2015 жылғы "25" тамыз № 321 қаулысымен бекітілген № 7 қосымша

**Түменбай шалғайдағы елді мекенінде тұратын балаларды № 3 Кеген орта
мектебіне тасымалдау схемасы.**



Райымбек ауданы әкімдігінің 2015 жылғы "25" тамыз № 321 қаулысымен бекітілген № 8 қосымша

Ески Тасашы шалғайдағы елді мекенінде тұратын балаларды Тасашы орта мектебіне тасымалдау схемасы.

